

## **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ХАБАРЛАНДЫРУ!**

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Мүсірепов атындағы №20 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы №568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №432 бірлескен бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларына сәйкес бос лауазымға конкурс жариялайды.

**Мектептің оқыту тілі:** Қазақ.

**Мекенжайы:** Түркістан облысы Мақтаарал ауданы, Жаңажол а/о, Жеңіс ауылы, Көктем көшесі №11, (пошта индексі) 160547, 87782439894, kmusirepov@bk.ru, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Мүсірепов атындағы №20 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Бос лауазым** Қ.Мүсірепов атындағы №20 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аптасына 16 сағат жүктемедегі (1 ставка) **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Еңбекке ақы төлеу мөлшері:** еңбек өтіліне қарай **177766** теңгеден **234565** теңгеге дейін ауылдық жерде.

**Лауазымдық міндеттері:** оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушының жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады.

Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды жасайды.

Электронды журналдарды толтырады.

Жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген оқушылар мен деңгейден төмен емес тәрбиеленушілердің пәндік нәтижелерін, отбасылық-қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді.

Оқу бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді. Әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді.

Арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамуында ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын орындайды.

Білім беру процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

### **Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарын, білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психологияны, пәнді оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысын, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптарды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары, санитарлық ережелер мен нормаларды.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі (хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі).

**Қажетті құжаттар тізбесі; [kmusirepov@bk.ru](mailto:kmusirepov@bk.ru) электрондық поштаға немесе Түркістан облысы Мақтаарал ауданы, Жаңажол а/о, Жеңіс ауылы, Көктем көшесі №11 мекен-жайдағы Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Мүсірепов атындағы №20 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қағаз түрінде ұсынуға болады.**

- 1) **1-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген - бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санаты туралы куәлігі барларға қажет емес);
- 10) Педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда);
- 11) **2-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

## Осы қажетті құжаттар тізбесінде

көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібереді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда, педагог конкурстың кез келген кезеңінде шеттетіледі.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.

Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеуді жүзеге асырады.

Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде қабылдайды.

Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептеледі және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылады.

Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметке тағайындауға кандидат айқындалады.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымға тағайындау,  
лауазымнан босату  
қағидаларына  
10-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

конкурс жариялаған мемлекеттік  
орган

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН

\_\_\_\_\_

(лауазымы, жұмыс орны)

\_\_\_\_\_

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

### Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа  
жіберуіңізді сұраймын (керегінің астын сызу керек)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі

| Оқу орнының атауы | Оқу кезеңі | Диплом бойынша мамандығы |
|-------------------|------------|--------------------------|
|                   |            |                          |

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні): \_\_\_\_\_

Педагогикалық жұмыс өтілі: \_\_\_\_\_

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: \_\_\_\_\_

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтері (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Мемлекеттік білім беру  
ұйымдарының бірінші  
басшылары мен педагогтерін  
лауазымға тағайындау,  
лауазымнан босату  
қағидаларына  
11-қосымша

Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы

\_\_\_\_\_ (Т.Ә.А. (болған жағдайда))

| №  | Өлшемшарттар                  | Растайтын құжат      | Балл саны<br>(1-ден 20-ға дейін)   |
|----|-------------------------------|----------------------|--|
| 1. | Білім деңгейі                 | Білімі туралы диплом | Техникалық және кәсіптік = 1<br>Жоғары күндізгі = 5<br>жоғары сырттай / қашықтықтан оқыту = 2<br>жоғары білім туралы үздік диплом = 7  |
| 2. | Ғылыми / академиялық дәрежесі | Білімі туралы диплом | Магистр немесе жоғары білімі бар маман = 5<br>PHD-докторы = 10<br>Ғылым докторы = 10<br>Ғылым кандидаты = 10   |
|    | Ұлттық біліктілік тестілеуі   | Сертификат           | "Педагог" біліктілік санатымен<br>Мазмұны бойынша:<br>50-ден 60-қа дейін = 0 балл<br>60-тан 70-ке дейін = 2 балл<br>70-тен 80-ге дейін = 5 балл<br>80-нен 90-ға дейін = 6 балл<br>Әдістеме және педагогика бойынша:<br>30-дан 40-қа дейін = 0 балл |

|    |                     |                       |  |
|----|---------------------|-----------------------|--|
|    |                     |                       | <p>40-тан 50-ге дейін = 1 балл<br/> 50-ден 60-қа дейін = 2 балл<br/> 60-тан 70-ке дейін = 3 балл<br/> "Педагог-модератор" біліктілік санатымен<br/> Мазмұны бойынша:<br/> 50-ден 60 балға дейін = 0 балл<br/> 60-тан 70 балға дейін = 3 балл<br/> 70-тен 80 балға дейін=6 балл<br/> 80-ден 90 балға дейін=7 балл<br/> Әдістеме және педагогика бойынша:<br/> 30-дан 40 балға дейін=0 балл<br/> 40-тан 50 балға дейін=2 балл<br/> 50-ден 60 балға дейін=3 балл<br/> 60-тан 70 балға дейін=4 балл<br/> "Педагог-сарапшы" біліктілік санатымен<br/> Мазмұны бойынша:<br/> 50-ден 60 балға дейін=0 балл<br/> 60-тан 70 балға дейін=4 балл<br/> 70-тен 80 балға дейін=7 балл<br/> 80-нен 90 балға дейін=8 балл<br/> Әдістеме және педагогика бойынша:<br/> 30-дан 40 балға дейін=0 балл<br/> 40-тан 50 балға дейін=3 балл<br/> 50-ден 60 балға дейін=4 балл<br/> 60-тан 70 балға дейін=5 балл<br/> "Педагог-зерттеуші" біліктілік санатымен<br/> Мазмұны бойынша:<br/> 50-ден 60 балға дейін=0 балл<br/> 60-тан 70 балға дейін- 5 балл<br/> 70-тен 80 балға дейін=8 балл<br/> 80-нен 90 балға дейін=9 балл<br/> Әдістеме және педагогика бойынша:<br/> 30-дан 40 балға дейін=0 балл<br/> 40 - тан 50 балға дейін=4 балл<br/> 50-ден 60 балға дейін=5 балл<br/> 60-тан 70 балға дейін=6 балл<br/> "Педагог-шебер" біліктілік санатымен - 10 балл</p> |
| 3. | Біліктілігі/Санаты. | Куәлік, өзге де құжат | <p>2 санат-1 балл<br/> 1 санат -2 балл<br/> Жоғары санатты-3 балл<br/> Педагог-модератор-3 балл<br/> Педагог-сарапшы = 5 балл<br/> Педагог- зерттеуші = 7 балл<br/> Педагог-шебер = 10 балл</p>  |

|    |  |  |  |
|----|--|--|--|
| 4. | Педагогикалық қызмет өтілі   | еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат  | 1 жылдан 3 жылға дейін = 1<br>3 жылдан 5 жылға дейін = 1,5<br>5 жылдан 10 жылға дейін = 2<br>10 жылдан және одан артық = 3   |
| 5. | Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі                           | еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат  | әдіскер= 1 балл<br>директор орынбасары= 3 балл<br>директор = 5 балл  |
| 6. | Жұмысқа алғаш кіріскен педагогтар үшін                                 | Білім туралы дипломға қосымша  | Педагогикалық/кәсіптік практика нәтижелері<br>"өте жақсы" = 1 балл<br>"жақсы" = 0,5 балл   |
| 7. | Алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныс хат (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде) | Хат  | Оң ұсыныс хаттың болуы = 3 балл<br>Ұсыныс хат болмаған жағдайда – минус 3 балл<br>Теріс ұсыныс хаттың болуы = минус 5 балл   |
| 8. | Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері                                    | - білім алушылардың дипломдары, олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының грамоталары, ғылыми жобалары;<br>- мұғалімдер мен олимпиадалар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары;<br>- мемлекеттік награда | олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-0,5 балл<br>ғылыми жобалар-1 балл<br>олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-3 балл<br>"Үздік педагог" конкурсының қатысушысы-1 балл<br>"Үздік педагог" конкурсының жүлдегері – 5 балл<br>медаль "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" - 10 |
| 9. | Әдістемелік қызмет   | - авторлық жұмыстар және жарияланымдар   | ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 5 балл<br>РОӘК – 2 тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы<br>БҒССҚЕК, Scopus – 3 тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы       |



|          |                               |  |   |
|----------|-------------------------------|--|---|
| 10       | Қоғамдық-педагогикалық қызмет | <ul style="list-style-type: none"> <li>- көшбасшылық</li> <li>- көптілділікті жүзеге асыру</li> </ul>  | <p>тәлімгер-0,5 балл<br/>         ӘБ жетекшілігі -1 балл<br/>         кәсіби-педагогикалық қауымдастық көшбасшысы – 1 балл<br/>         2 тілде оқыту, орыс/қазақ – 2 балл<br/>         Шетел/орыс, шетел/қазақ – 3 балл<br/>         3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) – 5 балл</p> |
| 11       | Курстық дайындық              | <ul style="list-style-type: none"> <li>- пәндік дайындық сертификаттары;</li> <li>- цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat, "Python-да бағдарламалау негіздері", "Microsoft-пен жұмыс істеуді оқыту" бағдарламалары бойынша оқыту</li> </ul> | <p>НЗМ ПШО, "Өрлеу" курстары – 0,5 балл<br/>         курстар - 0,5 балл (әрқайсысы жеке)</p>  |
| Барлығы: |                               |  | Максималды балл – 83  |